

2023 жылғы 28 сәуірдегі акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, «ЛОТТЕ Рахат» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ЛОТТЕ Рахат» АҚ) акционерлерінің жылдық жиналысының сырттай дауыс беру күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша материал

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ 2022 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ЛОТТЕ Рахат» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес, акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қоғамның есептік жылдағы таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері анықталады.

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ-тың аудит тексерісінен өткен топтастырылған қаржылық есебіне сәйкес 2022 жылдың қорытындысы бойынша таза табыс 8,4 млрд.теңге көлемінде болды. Негізгі қаржылық көрсеткіштер компанияның қаржылық жағдайының тұрақтылығын және бизнесті жүзеге асыру үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілгенін растайды.

Есеп беру жылындағы қол жеткен табыс көрсеткіштерін ескере отырып, «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-тың Директорлар кеңесі:

1. «ЛОТТЕ Рахат» АҚ 2022 жылғы таза табысын мына тәртіп бойынша бөлуді ұсынады:

- 2 509 200 000 (екі миллиард бес жүз тоғыз миллион екі жүз мың) теңге 00 тиын көлеміндегі таза табыстың бір бөлігі «ЛОТТЕ Рахат» АҚ жай акциялары бойынша дивиденд төлеуге жұмсалсын;
- дивиденд мөлшері 1 (бір) жай акцияға шаққанда 697 теңге (алты жүз тоқсан жеті) теңге 00 тиын мөлшерінде белгіленсін;
- дивиденд төленгеннен кейін, «ЛОТТЕ Рахат» АҚ қалған таза табысы бөлінбесін және ол қоғамның бөлінбейтін табысы шотында қалдырылсын.

2. Дивиденд төлеудің мына тәртібі мен нысаны белгіленсін:

- дивиденд төлеу басталатын күн - 2023 ж. 12 мамыр;
- дивиденд төлеу мерзімі белгіленбесін;
- дивиденд алуға құқылы акционерлердің тізімі жасалатын күн - 2023ж. 01 сәуір;
- дивиденд қоғамның мекенжайы бойынша қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз төленеді;
- дивиденд төлеуге төлем агенті қатыспайды.